

## БАСПАСӨЗ ПАРАҒЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы 2019 жылдың 14-15 маусымында Маңғыстау облысының Білім беру басқармасымен бірлесіп, «Мектеп кітапханалары цифрлық коммуникациялық жүйеде: оларды шешу жолдары» тақырыбында облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім беру басқармалары мектептер оқулықтары кітапхана қорлары жөніндегі бас мамандарға және қалалық (аудандық) білім беру бөлімдерінің әдіскерлеріне арналған республикалық семинар өткізеді.

Семинардың жұмысына жүзден астам адам – республиканың он бес өңірінен мектептер оқулықтары кітапхана қорлары жөніндегі мамандар мен әдіскерлер және Ақтау қаласы мен Маңғыстау облысының мектептер кітапханашылары қатысады.

ҚР БҒМ РҒПК директоры А.Ә.Насырованың сөзінде республика мектептері кітапханаларының қазіргі заманғы жай-күйіне талдау жасалады. Баяндамада оқу кітапханалары республиканың білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі екендігі атап көрсетіледі. Олар білім беру, ақпараттық, мәдени-демалыс орталығы болып табылады. Білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері ретінде кітапханалардың басым міндеттерінің бірі кітапхана-библиографиялық қызмет көрсетудің дәстүрлі және инновациялық әдістерін кіріктіру жолымен оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету болып табылады.

Мектептер кітапханалары жұмыстың дәстүрлі базалық бағыттарын орындайды. Бұл негізгі қормен және мектептер оқулықтарының қорымен жұмыс, кітапханалық және анықтама-библиографиялық қызмет көрсету, оқырман-оқушылармен жұмыс, тәрбие жұмысының түрлі бағыттары бойынша көпшілік кітапхана іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.

Соңғы жылдары мектеп кітапханалары электрондық ақпарат технологиялары белсенді түрде ендірілуде, бұл олардың жұмысының түрлері мен әдістеріне айтарлықтай әсер етеді. Мәселен, Интернетке жалғанған, жарақтандырылған компьютерлердің саны өсуде, кейбір мектеп кітапханаларында Wi-Fi аймақтар бар. Негізінен жаңа мектептер кітапханалары соңғы үлгідегі компьютер техникасымен жарақтанған. Мектеп кітапханаларының көпшілігі көшірмелеу-көбейту техникасымен жарақтандырылған. Бірқатар кітапханаларда бір мезгілде компьютерлер мен телевизорлар, бейнемагнитофондар мен DVD-лер бар.

Техникалық құралдар бар мектептерде кітапханашылардың көпшілігі ақпараттық, оқыту және жарнамалық сипаттағы меншікті электрондық өнімдер – бүктемелер, электрондық әдістемелік басылымдар, әдебиеттердің ақпараттық және ұсынымдық тізімдері жасақталады. Жұмыс тәжірибесінің таныстырылымдары әзірленеді; көпшілік іс-шараларды сүйемелдеу үшін бейнероликтер, фильмдер түсіріледі. Сондай-ақ толық мәтінді оқу-әдістемелік кешенде (ОӘК) жасақталады. Кейбір мектептер кітапханаларының, негізінен гимназиялардың, жалпы білім беретін

лицейлердің кітапханаларының білім беру ұйымының сайтында өз парақшалары бар. Заманауи электрондық технологияларды мектептер кітапханашылары кітапхана процестерін автоматтандыру үшін де қолданады.

Алайда, мектептер кітапханаларының қызметінде белгілі бір жетістіктермен қатар шешілмеген проблемалар да бар.

Материалдық-техникалық және ақпарат-ресурстық қамсыздандыру бөлігінде мектептер кітапханаларының техникалық жарақтандырылуының қазіргі заманғы білім беру қызметінің арта түсіп отырған талаптарына сәйкессіздігі байқалады, бұл алаңдардың, заманауи кітапхана жиһаздарының, компьютерлік, мультимедиалық және көшірмелеу техникасының тапшылығымен көрсетіледі. Ауылдар мен шағын қалаларда бірде-бір компьютерлері жоқ мектептер кітапханалары әлі де ұшырасып қалады.

Қалалық және ауылдық мектептер кітапханаларының материалдық-техникалық базасының жай-күйінде айтарлықтай айырмашылық болады. Әдетте, шалғай аудандарда орналасқан мектептер кітапханаларында Интернетке қолжетімділік әркез болмайды, ал ауыл мектептерінің кітапханаларында Интернетке қолжетімділік болғанда байланыс сапасы қазіргі заманғы талаптарды қанағаттандырмайды, бұл электрондық (цифрлық) кітапханаларға, кәсіби деректер базаларына, ақпараттық анықтамалық және іздестіру жүйелеріне және өзге ақпарат ресурстарына қатынауды шектейді.

Семинарға қатысушылар қазіргі заманғы жоғары технологиялық әлемде республиканың мектептер кітапханалары заманауи ақпарат-коомуникациялық технологиялардың негізінде білім алушыларға білім және тәрбие беру сапасының артуына септігін тигізетін ақпарат-білім беру орталықтарына айналуы тиіс екендігін атап көрсетеді. Дәл осы орталықта оқуға деген қызығушылық туындап, медиа-ақпараттық сауаттылық, түрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, өз бетінше оқуға қабілеттілік қалыптасуы тиіс.

Семинарды өткізу кезеңінде Ақтау қаласының кітапханаларына бару ұйымдастырылды.

Семинар іскерлік пен ізгі ниеттілік ахуалында өтті. Семинарға қатысушылар семинардың жұмысына белсенді қызығушылық танытып, кітапхана тәжірибесімен жемісті алмасуға және мектептер кітапханаларының ағымдағы проблемаларын қарауға септігін тигізетін осындай семинарлардың өзектілігін, пайдалылығын және қажеттігін атап көрсетті.

**Болжамданатын нәтижелер:** жалпы білім беретін мектептер кітапханаларының инновациялық жұмыс тәжірибесімен алмасу және оларды іске асыру мектептер кітапханаларын білім алушыларға білім және тәрбие беру сапасын арттыруға септігін тигізетін заманауи ақпарат-білім беру орталығы болып түрленуі процесін жеделдетуге мүмкіндік беретін нақты ұсынымдар қабылдау.

**Байланыс телефондары:** ҚР БҒМ РҒПК: тел./факсы 8 (727) 291-69-11, E-mail: [mpb\\_kz@mail.ru](mailto:mpb_kz@mail.ru)